



**«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Акционерлік қоғамының бірінші облигациялық бағдарламасы  
шегіндегі екінші облигациялар шығарылымының  
ПРОСПЕКТІСІ**

**Эмитенттің қысқаша атауы: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ**

**Облигация түрі:** қамтамасыз етілмеген купонды облигациялар

**Облигация саны:** 17 054 125 (он жеті миллион елу төрт мың жүз жиырма бес)

**Шығарылым көлемі:** 17 054 125 000 (он жеті миллиард елу төрт миллион жүз жиырма бес мың) теңге

" Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі ғана қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын, эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды".

**Астана 2015ж.**

1. **Облигациялардың осы шығарылымы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ (бұдан әрі - Эмитент) бірінші облигациялық бағдарламасының Проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.**

2. **Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

Облигациялық бағдарламаның мемлекеттік тіркелген күні:

19.12.2013ж;

Шығарылым жүзеге асырылатын бірінші облигациялық бағдарламаның ақшалай көрсеткіштегі көлемі:

50 000 000 000 (елу миллиард) теңге;

Шығарылымның реттік нөмірі:

Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасы шегінде екінші облигациялар шығарылымы болып табылады;

Осыған дейінгі облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

- шығарылымның өкілеттік органда тіркелген күні – 19.12.2013ж,

-НИН KZP01Y05E590,

- облигациялар саны - 12 409 636 облигация,

- номиналды баға бойынша шығарылым көлемі- 12 409 636 000 теңге

- аталған облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялардың саны) – 12 407 696 облигация.

Облигациялық бағдарлама шегінде бұрын шығарылған облигациялардың иелеріне беретін құқықтары, сондай-ақ бағалы қағаздарды сатып алу-сату келісімшарттарында көзделген шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда жүзеге асырылған және ұстаушылардың осы құқықтарды іске асыру тәртібі көрсетіліп жасалған құқықтар:

**Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде бірінші облигациялар шығарылымымен берілетін құқықтар:**

– облигацияларды өтеу кезінде номиналды бағаны алуға;

– Проспектпен көзделген мерзімде Эмитенттен облигациялар бойынша купондық сыйақыны алуға;

– облигацияларды еркін сатуға және басқа тәсілмен иеліктен шағыруға;

– заңнамамен және облигациялардың бірінші шығарылымының Проспектпен көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыруға;

– белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ақпараттарды алуға;

– Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен және мерзімде Эмитентке қойылатын тараптарын қанағаттандыруға;

– облигацияларға иелік етуге, пайдалануға және басқаруға.

3. **Шығарылым құрылымы**

1) **Облигациялар түрі:** қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;

2) **Шығарылатын облигациялар саны және номиналды баға бойынша облигация шығарылымының жалпы көлемі:**

шығарылатын облигациялар саны - 17 054 125 (он жеті миллион елу төрт мың жүз жиырма бес) дана;

номиналды баға бойынша облигация шығарылымының жалпы көлемі - 17 054 125 000 (он жеті миллиард елу төрт миллион жүз жиырма бес мың) теңге;

3) **Бір облигацияның номиналды бағасы** - 1 000 (бір мың) теңге;

4) **Облигациялар бойынша сыйақы:**

• Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:

Облигация айналымының барлық мерзімі бойындағы белгіленген сыйақы (купон) мөлшерлемесі – облигацияның номиналды бағасынан жылдық 7,5% (жеті жарым пайыз).

• Сыйақы есептеу басталатын күн:

Облигациялар бойынша сыйақы есептеу Облигация айналымы басталған күннен басталады;

- Тіркеу күні: әрбір купондық кезең үшін Облигациялар бойынша сыйақыны немесе айналым мерзімінің соңында олар өтелген кезде Облигациялар бойынша негізгі қарызды және сыйақыны алуға осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күні басталғанға дейін Облигацияларды ұстаушылардың тізілім жүйесінде (Эмитенттің тіркеушісі орналасқан жердегі уақыт бойынша) тіркелген тұлға құқылы болады (бұдан әрі – Тіркеу күні);
- Сыйақы төлеу кезеңділігі және күндері:  
Сыйақы төлеу Облигация айналымының барлық мерзімі бойында Облигация айналымы басталған күннен бастап әр 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі. Сыйақы Тіркеу күніндегі жағдай бойынша оны алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді.
- Сыйақы төлеу тәртібі мен жағдайы:  
Сыйақы төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Тіркеу күнге Облигация иелерінің тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шотына ақша (теңге) аудару арқылы жүзеге асырылады.

Төлем күніндегі сыйақы купондық сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесі және номиналды бағаны жүргізу ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Сыйақыны соңғы төлеу Облигациялар бойынша негізгі соманың төленуімен бір уақытта жүргізіледі.

Барлық төлемдер (сыйақы және негізгі қарыз сомасы) Эмитентпен қолма-қол жасалмайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) жүзеге асырылады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, Облигациялар бойынша сыйақы төлемі Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған жағдайда, теңгемен жүргізіледі.

Төлем жүргізу кезінде теңгені басқа валютаға (АҚШ Долларынан немесе Еуродан басқа) ауыстыруға Эмитентпен Облигацияларды ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының резиденті еместен тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) күн бұрын кешіктірмей, тиісі ті жазбаша өтініш алынған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Бұл ауыстыру төлем жүргізілетін күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға (АҚШ Долларынан немесе Еуродан басқа) ауыстыру Облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасының резиденті еместің есебімен жүргізіледі. Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асырған кезде Облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасының резиденті еместің пайдасына теңгені басқа валютаға ауыстыруға рұқсат етілмейді.

- Сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:  
Облигациялар бойынша сыйақы төлеу барлық айналым мерзімінің бойында жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасымен жүргізіледі.
- Индекстелген облигацияларды шығару кезінде есеп айырысу тәртібі:  
Облигациялар индекстелген болып табылмайды.
- Егер сыйақы мөлшерлемесі тіркелген болып табылмаса, оның мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі:  
Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі Облигация айналымының барлық мерзімі бойына тіркелген болып табылады.

**5) Облигациялардың айналымы және өтелуі туралы мәліметтер:**

- Облигациялар айналымының басталу күні:  
Облигациялар шығарылымы сауданы ұйымдастырушылардың ресми тізіміне енгізілген күн Облигациялар айналымының басталған күні болып табылады.
- Облигациялардың айналымда болу және оларды өтеу мерзімі:  
Облигациялардың айналымда болу мерзімі Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 10 (он) жылды құрайды. Облигациялар соңғы купондық сыйақының біруақытта төленуімен, Облигациялардың номиналды бағасы бойынша облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде, Тіркеу күніндегі жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шотына ақша (теңге) аудару арқылы өтеледі.
- Облигациялар айналысы:  
Эмитенттің облигациясы ұйымдастырылмаған және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықта айналатын болады.
- Облигацияларды өтеу кезеңі:  
Облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің іші;
- облигацияларды өтеу орындалатын жер:  
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Астана қ., Есіл ауданы, 36 көшесі, 11 үй;
- Облигацияларды өтеу тәсілі:  
Негізгі қарыз сомасын өтеу және соңғы купон сыйақысын төлеу Облигацияларды ұстаушылардың тізіліміндегі деректерге сәйкес Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

**6) Облигациялар бойынша қамтамасыз ету:**

Облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілген болып табылмайды;

**7) Облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:**

Облигацияларды ұстаушылардың өкілінің міндеттерін «BCC Invest» АҚ жүзеге асырады - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы, номиналды ұстаушы ретінде клинеттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған 31.07.2006ж. № 04001201249 мемлекеттік лицензиясы Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен берілген, мекенжайы: 050022, Алматы қ., Сейфуллин д., 597, 3 қабат (заңды) / Алматы қ., Шевченко к., 100, 5 қабат (нақты), тел: +7 (727) 244 32 32, факс: +7 (727) 244 32 31, e-mail: [info@bcc-invest.kz](mailto:info@bcc-invest.kz). 23.03.2015ж. №4-15 Облигацияларды ұстаушылардың өкілінің қызметін көрсету туралы Шарт. Бірінші басшысы – Басқарма Төрағасы Қаламхатов Н.Б

**8) Тіркеуші туралы мәлімет:**

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы, №118 бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу шарты, 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап белгісіз мерзімге үлгі нысанға қосылу арқылы жасалған. Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтпаев к., 30А/3 үй, «Тенгиз тауэрс» ТК аумағында. Байланыс телефоны: +7 (727) 272 47 60  
Факс: +7 (727) 272 47 60 і.н. 230.

**9) Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:**

"SkyBridge Invest" АҚ мен Эмитент арасында жасалған 30.10.2015 ж. № 91 Шартқа сәйкес "SkyBridge Invest" АҚ Эмитенттің Облигация шығару жөніндегі қаржылық кеңесшісі және Андеррайтері болып табылады.

"SkyBridge Invest" АҚ бас офісі Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби д. 5, "Нұрлы-Тау" бизнес орталығы, 1а блок, 201 офіс мекенжайда орналасқан, байланыс телефоны: (727) 311 06 06, факс: (727) 311 16 06. "SkyBridge Invest" АҚ номиналды ұстаушы ретінде клинеттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің 2014 жылғы 21 қазандағы № 4.2.192/113 лицензиясы бар.

**10) Төлем агенті туралы мәліметтер:**

Сыйақы төлемі және Облигациялар өтемі төлем агентінің қолданылуынсыз Эмитенттің өзімен жүзеге асырылады.

**11) Облигацияның оны ұстаушыға ұсынатын құқықтары:**

- Облигациялардың номиналды құнын Облигациялар шығарылымының Проспектісінде қарастырылған мерзімде алу құқығы;
- белгіленген сыйақыларды Облигациялар шығарылымының Проспектісінде қарастырылған мерзімде алу құқығы;
- өз талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайда қанағаттандыру құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару және басқа тәсілмен басқару құқығы;
- Облигацияларға арналған меншік құқығынан шығатын басқа құқықтар.

**11-1) Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар:**

басталған кезде Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар (бұдан әрі – Дефолт оқиғасы):

- Облигациялар бойынша міндеттемелердің орындалмауы  
Осы Проспектімен белгіленген негізгі қарызды және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі күннен бастап аяқталғанға дейін Эмитенттің Облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) купондық сыйақы сомаларын төлеу міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы
- Жауапкершіліктен босату  
Эмитент егер орындаушылық еңсерілмейтін күш салдарынын болса, өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп болатынын алдын ала білу немесе шектеу мүмкін емес жағдайлар (оған қоса: бірақ мұнымен шектелмейтін: табиғи апаттар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері) түсіндіріледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған кезде Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен оның салдары әрекетте болатын уақыт кезеңіне тең шегеріледі.  
Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқығын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады. Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға Дефолт оқиғасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен осындай ақпараттар үшін көзделген мезімде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында бұндай мерзімдер қарастырылмаған жағдайда - Дефолт оқиғасы басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, Эмитенттің ([www.ktga.kz](http://www.ktga.kz)) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)), Қаржылық есептілікті депозиттеу ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарына Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі талаптарымен белгіленген тәртіпте хабарламаларды орналастыру арқылы, оған қоса:
  - дефолт факті туралы ақпаратты;
  - дефолт туындаған күнгі Эмитенттің орындалған міндеттемелерінің көлемі;
  - Дефолт оқиғасының туындауына әкелген міндеттемелердің орындалмау себебі;
  - iv. өз талаптарын қанағаттандыру үшін Облигацияларды ұстаушылардың болуы мүмкін іс-әрекеттерінің тізімі, оған қоса Эмитентке қойылатын талаппен айналым тәртібі мен мерзімдері;
  - v. Эмитенттің шешімі бойынша басқа ақпараттарды хабарлайды.

Басқа заңды тұлғаға осы ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген.

Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына әрбір кешіктірілген күн үшін ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалатын күнгі (яғни төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнгі) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен шығарылып есептелінетін өсімақыны есептеп шығаруға және төлеуге міндетті.

Дефолт оқиғасы басталған кезде барлық Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Эмитенттің тиісті органымен Дефолт оқиғасын тудыратын себепті жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді және бекітіледі. Дефолт оқиғасы басталған кезде Дефолт оқиғасы басталған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннің ішінде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою үшін бар күшін салады («Кейінге шегеру кезеңі»).

Белгіленген кезеңде осындай себептер жойылмаған жағдайда Эмитенттің облигацияларын ұстаушылар Кейінге шегеру кезеңінің соңғы күнінен кейінгі есепке қойылатын күннен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талап қою арқылы оларға тиесілі облигациялардың өтелуін талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент осындай талап алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннен кешіктірілмеуі тиіс болатын төлем күнін белгілейді және облигацияларды ұстаушылардың өкіліне хабарлау, сондай-ақ Эмитенттің, Биржаның және ҚЕД ресми сайтына хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушыларға алдағы облигациялардың сатып алынатыны туралы хабарлайды.

Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша облигацияларды жинақталған сыйақы есебімен облигациялардың тиісті номиналды бағасының құны бойынша сатып алуға міндетті.

Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талап қоймаған Облигацияларды ұстаушылар 11) тармақшада көрсетілген барлық ережелерді иеленеді.

## **12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы:**

Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы қарастырылмаған.

### **12-1) Эмитенттің өз қызметі және қаржылық жағдайы туралы облигацияларды ұстаушыларға хабарлау тәртібі:**

Эмитенттің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде ХҚЕС сәйкес құрылған Эмитенттің қаржылық есептілігі жөніндегі аудиторлық есептер Эмитенттің ([www.ktga.kz](http://www.ktga.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) ресми сайттарына Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаз листингі туралы шартта көрсетілген мерзімге және тәртіпке сәйкес және Қаржылық есептілік депозитариясының ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімде және тәртіпке сәйкес орналастырылады және үнемі жаңартылып тұрады.

#### **Облигацияларды сатып алу:**

- Облигацияларды сатып алуды іске асыру тәртібі, шарты және мерзімдері: Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз Облигацияларын олардың барлық айналымдағы мерзімінің бойында ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған рынокта Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес:
  - бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында мәміле жасаған кезде мәміле жасалған күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ орын алған нарықтық бағадан шығарып;
  - бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында мәміле жасаған кезде – мәміленің тараптарының келісімі бойынша сатып алуға құқылы.

Сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитентпен қайта орналастырылуы мүмкін.

Эмитентпен Облигациялардың сатып алынуы Облигациялар сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылардың құқығының бұзылуына әкелмеуі тиіс.

Орналастырылған Облигациялардың саны туралы ақпарат Эмитентпен «Қазақстан қор биржасы» АҚ ашылады.

Барлық Облигация ұстаушылар Облигацияларды сатып алу жөнінде Директорлар кеңесінің шешімінің қабылданғаны туралы Директорлар кеңесімен осындай шешімдер қабылданған күннен бастап 5 (бес) Жұмыс күннің ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Өкіліне хабарлау, сондай-ақ Эмитенттің ([www.ktga.kz](http://www.ktga.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитариясының ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарына Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларымен, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитариясының интернет-ресурсында ақпараттарды орналастыруды реттейтін нормативтік-құқықтық актімен белгіленген тәртіппен хабарламаны орналастыру арқылы Эмитентпен хабарланатын болады.

- «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4 бабында көзделген жағдайларда Эмитентпен орналастырылған облигацияларды сатып алу тәртібі:

I. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4 бабына сәйкес орналастырылған облигацияларды сатып алу Эмитентпен келесі жағдайларда:

- эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;
- тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен қор биржасы эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;
- эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған жағдайларда жүргізуге тиіс.

II. Осы жағдайлар басталған кезде Эмитент орналастырылған облигацияларды жинақталған сыйақы есебімен Облигациялардың тиісті номиналды бағасы бойынша құнмен сатып алуды жүзеге асырады.

Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талап қоймаған облигацияларды ұстаушылар 11) тармақшада көрсетілген барлық ережелерді иеленеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімдердің ішінде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай мерзімдер көзделмеген кезде - осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде Эмитент осындай фактіні Облигацияларды ұстаушылардың өкіліне хабарлау, сондай-ақ Эмитенттің <http://www.ktga.kz> ресми сайтына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ » <http://www.kase.kz>, ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарына «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газеттеріне хабарламаларды орналастыру арқылы, оған қоса:

- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуына әкелетін аталған оқиғалардың қайсысының орын алғаны туралы ақпаратты;
- Эмитентке қойылатын талаптармен бірге айналу тәртібі және мерзімдерімен қоса, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы жөніндегі болуы мүмкін іс-әрекеттерінің тізімін;
- Эмитенттің шешімі бойынша басқа ақпараттарды хабарлайды.

### 13) Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:



Облигациялардың орналастыруынан қаражат жалпы корпоративтік мақсаттарға пайдаланады.

**3-1 Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әр кезені бөліп көрсетілген негізгі қарыз сомасын өтеу және сыйақылар төлеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көзі мен ағыны туралы болжам:**

Атаулы құн бойынша негізгі қарызды өтеу Эмитенттің меншік және қаражаты, оған қоса негізгі қызметтерден түсетін кірістері, жұмылдырылған қарыз және басқа табыс көздері есебімен қамтамасыз етіледі. Эмитент әр кезең бойынша түсім сомасы, осы облигациялар шығарылымының барлық айналыс мерзімінде міндеттемелерді орындау және облигациялар шығарылымының айналыс мерзімі аяғында негізгі қарызды төлеу үшін жеткілікті деп санайды. Төменде Эмитенттің 2016-2025ж. Аралығындағы ақша ағымдарының болжамы көрсетілген.

Проспекттің осы тармағында көрсетілген Эмитенттің операциялық қызметтерінен түсетін ақша қаражаты ағымдарының болжамдары, түрлі факторларға қатысты өзгертуге жататын және жүзеге асыруға келмейтін және дұрыс емес немесе нақтылы емес болуы мүмкін болжамдарға, деректерге ететін факторлар, Эмитенттің өз қызметтерін жүзеге асыратын экономика секторларда қатысатын коммерциялық жағдайларды, мемлекеттік реттеулегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгертулерді (салық ставкалардың, жаңа салық заңдарының өзгерістерін және салық заңнамасының түсінігін қайта қарауды), сот және төрелік іс қарау нәтижелерін, пайыз ставкаларының өзгертуін және басқа нарық жаңдайлардың, оған қоса халықаралық рыногында шетелвалютасы ставкаларының, экономикалық және саяси жағдайлардың өзгертуін, мемлекеттің өзгертуі және шетелге капитал аударудың шектеулерін, уақыт таңдау, ықпал ету және перспективалардың басқа белгісіздіктерін қосады.

Эмитент жаңа ақпараттардың, келешек оқиғалардың немесе өзге негіздемелердің туындау салдарынан осы Проспектте ашылатын қандай да бір болжалды деректерді қайта қарастыруға немесе жанартуға міндетті емес және ниет білдірмейді.

**3-2 Эмитентпен қолданылатын шектеулер (ковенанттар) 2 шілде 2003 жылғы №: 461-ІІ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына көзделген емес**

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептіліктерді тапсыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі жөніндегі аудиторлық есептерді тапсыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу. Бір немесе барлық белгіленген ковенанттар (шектеулер) бұзылған күннен бастап Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасымен осындай ақпараттар үшін көзделген мерзімдерде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай мерзімдер болмаған кезде – тиісті бұзушылық орын алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей барлық Облигацияларды ұстаушыларға осы оқиғаның немесе оқиғалардың басталғаны туралы Облигацияларды ұстаушылардың өкіліне хабарлау, сондай-ақ Эмитенттің <http://www.ktga.kz> ресми сайтына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ <http://www.kase.kz>, ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарына «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газеттеріне хабарландыруды орналастыру арқылы хабарлайды.

Көрсетілген шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында бұзушылықты тудырған себептерді жою іс-шараларының жоспарын әзірлейді және Эмитенттің уәкілетті органымен бекітеді.

**4. Опциондар туралы ақпарат:**

Опциондар қарастырылмаған.

**5. Айырбасталатын облигациялар:**

Эмитенттің облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.



**6. Облигацияларды орналастыру:**

1) Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:

Облигациялардың айналымы басталған күн Облигацияларды орналастыру басталған күн болып табылады. Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес барлық айналым мерзімінің бойында бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында орналастырылатын болады.

Облигацияларды орналастыру бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған рыногында қарастырылған.

2) Жазылу арқылы акцияға айырбасталатын облигациялар орналастырылған кезде айырбастау тәртібі көрсетіледі:

Облигацияларды акцияға айырбастау көзделмеген.

3) Облигацияларды төлеу жағдайлары мен тәртібі:

Облигациялар қолма-қол ақшасыз түрде ақшамен төленеді. «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда алаңында мамандандырылған сауда-саттықты өткізу арқылы Облигацияларды орналастырған кезде төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бас директордың орынбасары



Баталов Ә.А.

Бас бухгалтер

Джолдасбаев Д.О.

**Ақша Қарадатының Қозғалысы туралы Есеп болжамы (мың теңге)**

Көрсеткіштердің атауы	2016 ж.		2017 ж.		2018 ж.		2019 ж.		2020 ж.		2021 ж.		2022 ж.		2023 ж.		2024 ж.		2025 ж.		
	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	
<b>I. Операциялық қызметтерден түсетін ақша қаражатының қозғалысы</b>																					
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	86 498 302	86 498 302	91 498 332	91 498 332	97 884 042	97 884 042	99 409 564	99 409 564	102 177 502	102 177 502	103 525 444	103 525 444	104 958 966	104 958 966	106 430 685	106 430 685	107 931 057	107 931 057	108 946 927	108 946 927	
2. Ақша қаражатынан шығарылғандар барлығы	86 125 437	86 125 437	85 221 586	85 221 586	90 533 769	90 533 769	92 659 088	92 659 088	95 604 780	95 604 780	97 062 569	97 062 569	98 500 559	98 500 559	100 172 583	100 172 583	101 659 340	101 659 340	101 054 910	101 054 910	
3. Операциялық қызметтерден түскен ақша қаражатының таза сомасы	372 865	372 865	6 276 746	6 276 746	7 350 273	7 350 273	6 750 476	6 750 476	6 572 722	6 572 722	6 462 875	6 462 875	6 458 406	6 458 406	6 258 101	6 258 101	6 271 717	6 271 717	7 892 017	7 892 017	
<b>II. Инвестициялық қызметтерден түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>																					
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	-	-	-	-	3 286 506	3 286 506	-	-	-	-	1 095 940	1 095 940	-	-	-	-	-	-	15 971 898	15 971 898	
2. Ақша қаражатынан шығарылғандар барлығы	16 174 445	16 174 445	11 980 807	11 980 807	6 308 485	6 308 485	5 542 108	5 542 108	4 823 556	4 823 556	4 823 556	4 823 556	4 458 243	4 458 243	4 458 243	4 458 243	4 458 243	4 458 243	4 458 243	4 458 243	
3. Инвестициялық қызметтерден түскен ақша қаражатының таза сомасы	- 16 174 445	- 16 174 445	- 11 980 807	- 11 980 807	- 3 021 979	- 3 021 979	- 5 542 108	- 5 542 108	- 4 823 556	- 4 823 556	- 3 727 616	- 3 727 616	- 4 458 243	- 4 458 243	- 4 458 243	- 4 458 243	- 4 458 243	- 4 458 243	11 513 655	11 513 655	
<b>III. Қаржылық қызметтерден түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>																					
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы	12 745 256	12 745 256	7 365 871	7 365 871	2 206 785	2 206 785	690 573	690 573	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
2. Ақша қаражатынан шығарылғандар барлығы	1 570 492	1 570 492	1 570 492	1 570 492	6 327 938	6 327 938	1 945 492	1 945 492	1 945 492	1 945 492	3 041 432	3 041 432	1 945 492	1 945 492	1 832 116	1 832 116	1 832 116	1 832 116	17 804 014	17 804 014	
3. Қаржылық қызметтерден түскен ақша қаражатының таза сомасы	11 174 764	11 174 764	5 795 379	5 795 379	- 4 121 153	- 4 121 153	- 1 254 920	- 1 254 920	- 1 945 492	- 1 945 492	- 3 041 432	- 3 041 432	- 1 945 492	- 1 945 492	- 1 832 116	- 1 832 116	- 1 832 116	- 1 832 116	- 17 804 014	- 17 804 014	
Барлығы: Ақша қаражатын көбейту +/- азайту	- 4 626 816	- 4 626 816	91 318	91 318	207 141	207 141	- 46 551	- 46 551	- 196 327	- 196 327	- 306 173	- 306 173	54 671	54 671	- 32 257	- 32 257	- 18 642	- 18 642	1 601 658	1 601 658	
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты мен олардың эквиваленті	5 735 191	5 735 191	1 108 375	1 108 375	1 199 693	1 199 693	1 406 834	1 406 834	1 360 282	1 360 282	1 163 955	1 163 955	857 782	857 782	912 453	912 453	880 196	880 196	861 554	861 554	
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты мен олардың эквиваленті	1 108 375	1 108 375	1 199 693	1 199 693	1 406 834	1 406 834	1 360 282	1 360 282	1 163 955	1 163 955	857 782	857 782	912 453	912 453	880 196	880 196	861 554	861 554	2 463 212	2 463 212	

**Кірістер мен Шығыстар туралы Есеп болжамы (мың теңге)**

Көрсеткіштердің атауы	2016ж.		2017ж.		2018ж.		2019ж.		2020ж.		2021ж.		2022ж.		2023ж.		2024ж.		2025ж.	
	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық
<b>Кірістер, барлығы</b>	77 262 658	77 262 658	81 792 426	81 792 426	87 558 595	87 558 595	89 045 561	89 045 561	91 716 928	91 716 928	93 004 410	93 004 410	94 315 877	94 315 877	95 651 901	95 651 901	97 013 071	97 013 071	97 983 202	97 983 202
Өнімдерді сатудан және қызмет көрсетуден түсетін кірістер	72 606 330	72 606 330	76 949 844	76 949 844	82 522 310	82 522 310	83 958 913	83 958 913	86 477 681	86 477 681	87 607 986	87 607 986	88 757 560	88 757 560	89 926 834	89 926 834	91 116 252	91 116 252	92 027 415	92 027 415
Шығыстар, барлығы	76 963 694	76 963 694	80 882 552	80 882 552	86 045 394	86 045 394	86 366 691	86 366 691	87 171 450	87 171 450	87 675 280	87 675 280	88 692 405	88 692 405	89 823 196	89 823 196	90 983 211	90 983 211	91 364 373	91 364 373
Сатылған өнімдер мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	67 234 031	67 234 031	70 284 116	70 284 116	75 029 432	75 029 432	75 605 649	75 605 649	76 342 190	76 342 190	76 796 128	76 796 128	77 832 313	77 832 313	78 886 906	78 886 906	79 960 333	79 960 333	80 759 936	80 759 936
материалдық және материалдық емес активтердің амортизациясы	3 258 907	3 258 907	3 374 003	3 374 003	3 493 703	3 493 703	3 524 825	3 524 825	3 630 570	3 630 570	3 739 487	3 739 487	3 851 671	3 851 671	3 967 221	3 967 221	4 086 238	4 086 238	4 127 100	4 127 100
республикалық бюджет бағдарламалардың өзіндік құны																				
бюджет бағдарламалары бойынша жәрдемақы/өтемақылардың өзіндік құны																				
Сатылған өнімдер мен көрсетілген қызметтердің басқа өзіндік құны	63 975 124	63 975 124	66 910 113	66 910 113	71 535 730	71 535 730	72 080 824	72 080 824	72 711 621	72 711 621	73 056 642	73 056 642	73 980 641	74 919 684	74 919 684	75 874 095	75 874 095	76 632 836	76 632 836	
Жалпы пайда	5 372 299	5 372 299	6 665 728	6 665 728	7 492 877	7 492 877	8 353 264	8 353 264	10 135 490	10 135 490	10 811 857	10 811 857	10 925 247	10 925 247	11 039 929	11 039 929	11 155 920	11 155 920	11 267 479	11 267 479
Қардандырудан түсетін кірістер																				
Басқа кірістер	4 656 329	4 656 329	4 842 582	4 842 582	5 036 285	5 036 285	5 086 648	5 086 648	5 239 247	5 239 247	5 396 425	5 396 425	5 558 317	5 558 317	5 725 067	5 725 067	5 896 819	5 896 819	5 955 787	5 955 787
Өнімдерді сатуға және қызмет көрсетуге арналған шығыстар																				
Жалпы және өкімшілік шығыстар	3 353 036	3 353 036	3 486 946	3 486 946	3 626 212	3 626 212	3 662 421	3 662 421	3 772 294	3 772 294	3 885 463	3 885 463	4 002 026	4 002 026	4 122 087	4 122 087	4 245 750	4 245 750	4 288 207	4 288 207
Операциялық пайда	2 019 263	2 019 263	3 178 782	3 178 782	3 866 665	3 866 665	4 690 843	4 690 843	6 363 197	6 363 197	6 926 395	6 926 395	6 923 221	6 923 221	6 917 841	6 917 841	6 910 170	6 910 170	6 979 272	6 979 272
Амортизациялар, пайыздар және КПН бойынша аударымдар кірісі (ЕБИТА)	5 400 809	5 400 809	6 680 119	6 680 119	7 492 584	7 492 584	8 349 153	8 349 153	10 131 255	10 131 255	10 807 495	10 807 495	10 920 754	10 920 754	11 035 301	11 035 301	11 151 153	11 151 153	11 262 665	11 262 665
Қаржыландыруға арналған шағыстар	3 447 916	3 447 916	4 065 630	4 065 630	4 222 055	4 222 055	3 899 251	3 899 251	3 761 615	3 761 615	3 599 477	3 599 477	3 362 027	3 362 027	3 213 283	3 213 283	3 068 180	3 068 180	2 570 192	2 570 192
негізгі емес қызметтер бойынша басқа шағыстар	2 928 711	2 928 711	3 045 859	3 045 859	3 167 694	3 167 694	3 199 371	3 199 371	3 295 352	3 295 352	3 394 212	3 394 212	3 496 039	3 496 039	3 600 920	3 600 920	3 708 948	3 708 948	3 746 037	3 746 037
Салық салымына дейінгі пайда (залалар)	298 964	298 964	909 874	909 874	1 513 201	1 513 201	2 678 870	2 678 870	4 545 477	4 545 477	5 329 130	5 329 130	5 623 472	5 623 472	5 828 705	5 828 705	6 029 861	6 029 861	6 618 829	6 618 829
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	59 793	59 793	181 975	181 975	302 640	302 640	535 774	535 774	909 095	909 095	1 065 826	1 065 826	1 124 694	1 124 694	1 165 741	1 165 741	1 205 972	1 205 972	1 323 766	1 323 766
Кезеңдегі қорытынды пайда (залалар)	239 171	239 171	727 900	727 900	1 210 561	1 210 561	2 143 096	2 143 096	3 636 382	3 636 382	4 263 304	4 263 304	4 498 778	4 498 778	4 662 964	4 662 964	4 823 889	4 823 889	5 295 064	5 295 064





ПРИМЕРНАЯ КВИТАНЦИЯ (образец)

30. СОВЕРШЕН ПОСЛЕ ОТЧЕТНОГО ПЕРИОДА (продолжение)

29 января 2014 года в торгово-сервисном центре АО «ГазТрансГаз» состоялось заседание комиссии по рассмотрению претензий. Комиссия рассмотрела претензию № 1000 от 27 января 2014 года на сумму 232,176 руб. (дваста тридцать две тысячи сто семьдесят шесть рублей 17 копеек) в пользу ООО «ГазТрансГаз».

30 января 2014 года Комиссия рассмотрела претензию № 1001 от 27 января 2014 года на сумму 232,176 руб. (дваста тридцать две тысячи сто семьдесят шесть рублей 17 копеек) в пользу ООО «ГазТрансГаз».

11 февраля 2014 года Комиссия рассмотрела претензию № 1002 от 27 января 2014 года на сумму 232,176 руб. (дваста тридцать две тысячи сто семьдесят шесть рублей 17 копеек) в пользу ООО «ГазТрансГаз».

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»  
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТИРКЕДІ

2015 ж. « 30.01 »

